Model SC2003	
Rated voltage	100V-240V
Rated frequency	50Hz-60Hz
Rated input	7.5W
Protection against electric shock	Class II ⧈
Protection rating	IP 30 (EN 60529)
Operating conditions	Temperature: +15° to +35°C
	Relative humidity: 25% to 95%
Storage conditions	Temperature: 0° to +60°C
	Relative humidity: 5% to 95%
Spectrum of body attachment	>570nm
Spectrum of precision attachment	>600nm
Lithium-ion battery	2 x 3.7 Volt 1500 mAh

Troubleshooting

This chapter summarises the most common problems you could encounter with the appliance. If you are unable to solve the problem with the information below, visit www.philips.com/support for a list of frequently asked questions or contact the Consumer Care Centre in your country.

Problem	Possible cause	Solution
The appliance does not work.	The rechargeable batteries are empty.	Charge the appliance (see chapter 'Charging').
	The appliance is defective.	Contact the Consumer Care Centre in your country, your Philips dealer or a Philips service centre.
The appliance suddenly switches off.	The rechargeable batteries are empty.	Charge the appliance (see chapter 'Charging').
The adapter becomes warm during charging.	This is normal.	No action required.
The charging light does not go on when I put the small plug in the appliance socket.	You have not put the adapter in the wall socket.	Insert the small plug into the appliance socket and put the adapter in the wall socket.

Problem	Possible cause	Solution
	The wall socket is not live.	Connect another appliance to the wall socket to check if the wall socket is live. If the socket is live but the appliance still does not charge, contact the Consumer Care Centre in your country, your Philips dealer or a Philips service centre.
	The adapter is not inserted properly into the wall socket and/or the small plug is not inserted properly into the appliance socket.	Make sure the adapter is inserted properly into the wall socket and/or the small plug is inserted properly into the appliance socket.
	The appliance is defective.	Contact the Consumer Care Centre in your country, your Philips dealer or a Philips service centre.
I have switched on the appliance but I cannot increase or decrease the light intensity.	The appliance has to be reset.	To reset the appliance, switch off the appliance and then switch it on again. If you still cannot adjust the light intensity, contact the Consumer Care Centre in your country, your Philips dealer or a Philips service centre.
The 'ready to flash' light does not go on when I place the appliance on the skin.	You have not put the attachment with safety ring properly on the skin.	Place the appliance at a 90° angle onto the skin in such a way that all contact switches touch the skin. Then check if the 'ready to flash' light is on and press the flash button.
		If this does not work, place the appliance on a part of your body where it is easy to establish full skin contact, for example on your lower arm. Then check if the 'ready to flash' light works. If the 'ready to flash' light still does not go on when you place the appliance on the skin, contact the Consumer Care Centre in your country, your Philips dealer or a Philips service centre.
	The safety ring is dirty.	Clean the safety ring carefully. If you are unable to clean the safety ring properly, contact the Consumer Care Centre in your country, your Philips dealer or a Philips service centre to replace the attachment.
The 'ready to flash' light does not go on when I place an attachment on my skin, but the cooling fan works.	The overheat protection has been activated.	When the overheat protection has been activated, the fan still works. Do not switch off the appliance and let it cool down for approx. 15 minutes before you continue to use it. If the 'ready to flash' light still does not go on when you place the appliance on the skin, contact the Consumer Care Centre in your country, your Philips dealer or a Philips service centre.

Problem	Possible cause	Solution
The 'ready to flash' light is green but the appliance does not produce a flash when I press the flash button.	The appliance needs to be reset.	To reset the appliance, switch off the appliance and switch it on again. If the 'ready to flash' light is green but the appliance still does not produce a flash when you press the flash button, contact the Consumer Care Centre in your country, your Philips dealer or a Philips service centre.
The appliance becomes warm during use.	This is normal.	No action required.
The appliance does not show light intensity 1 when I switch it on.	The appliance needs to be reset.	To reset the appliance, switch it off and on again. If the appliance still does not show light intensity 1, contact your Customer Care Centre, your Philips dealer or a Philips Service Centre.
The appliance produces a strange smell.	The attachment and/or the filter glass is dirty.	Clean the attachment carefully. If you are unable to clean the attachment properly, contact the Consumer Care Centre in your country, your Philips dealer or a Philips service centre to replace the attachment.
	You have not shaved the area to be treated properly.	If there are hairs on the area to be treated, these hairs may get burnt when you use the appliance. As a result, you notice a strange smell. Shave the area to be treated properly before you use the appliance. If shaving causes skin irritation, trim hairs as short as possible and use a comfortable setting.
	You stored the appliance in a dusty environment.	The strange smell disappears after a few flashes.
The skin feels more sensitive than usual during treatment.	The light intensity you use is too high.	Check if you have selected the right light intensity. If necessary, select a lower light intensity.
	You did not shave the areas to be treated.	Shave the areas to be treated before you use the appliance. If shaving causes skin irritation, trim hairs as short as possible and use a comfortable setting.
	The UV filter of the light exit window is broken.	If the UV filter of the light exit window is broken, do not use the appliance anymore. Contact the Consumer Care Centre in your country, your Philips dealer or a Philips service centre.
	The appliance is defective.	Contact the Consumer Care Centre in your country, your Philips dealer or a Philips service centre.
I experience an unacceptable pain sensation when I use the appliance.	You did not shave the areas to be treated	Shave the areas to be treated before you use the appliance. If shaving causes skin irritation, trim hairs as short as possible and use a comfortable setting.
	You treated an area for which the appliance is not intended.	You must not use the appliance on your inner labia, vagina, anus, nipples, areolas, lips, inside the nostrils and ears, in the region of your eyes and eyebrows. Men must not use it on their face or scrotum.

Problem	Possible cause	Solution
	You have used a light intensity which is too high for you.	Reduce the light intensity to a level that is comfortable for you. See chapter 'Preparing for use', section 'Setting the light intensity'.
	The light exit window or reddish filter glass of the attachment is broken.	If the light exit window or reddish filter glass of the precision attachment is broken, do not use the appliance with this attachment any more. Go to your dealer or a Philips service centre or contact the Consumer Care Centre to have the attachment replaced.
	The appliance is not suitable for your skin colour.	Do not use the appliance if you have a very dark skin. Do not use it either if your body hair is light blond, red, grey or white.
The treated areas become red after the treatment.	Slight redness is harmless and normal and disappears quickly.	No action required.
The skin reaction after the treatment lasts longer than usual.	You have used a light intensity which is too high for you.	Select a lower light intensity the next time. See chapter 'Preparing for use', section 'Setting the light intensity.
		If the skin reaction lasts longer than 3 days, contact your doctor.
The hair-removal results are not satisfactory.	You have used a light intensity which is too low for you.	Select a higher light intensity the next time.
	You did not make enough overlaps when you used the appliance.	For proper hair-removal results, you have to make overlaps when you use the appliance. See chapter 'Using the appliance', section 'Subsequent use', step 9.
	You do not use the appliance as often as recommended.	To remove all hairs successfully and to prevent the hair root from becoming active again, the treatments have to be repeated once every two weeks for the first two months. To ensure that your skin stays smooth, we advise you to repeat the treatment every four to six weeks. The time between treatments may vary based on your individual hair regrowth and also across different body areas. If too many hairs grow back between treatments, simply shorten the treatment interval again, but do not treat any area more often than once every two weeks. When you use the appliance more frequently than recommended, you do not increase the effectiveness but you do increase the risk of skin reactions.

Problem	Possible cause	Solution
	The appliance is not suitable for your hair or skin colour.	Do not use the appliance if your body hair is light blond, red, grey or white. Do not use the appliance either if you have very dark skin.
Hair starts to grow again in some spots on the treated areas.	You did not make enough overlaps when you used the appliance.	For proper hair-removal results, you have to make overlaps when you use the appliance. See chapter 'Using the appliance', section 'Subsequent use', step 9.
	Hair starts to grow again as part of the natural cycle of hair growth.	This is normal. It is part of the natural cycle of hair growth that hair starts growing again. The hairs that come back, however, tend to be softer and thinner.

Мазмұндар кестесі

Кіріспе 32
Артықшылықтар 32
Үйде пайдалануға арналған қарқынды импульсті жарық шығару (IPL) технологиясы 32
Күнделікті тегіс ету үшін түкті қайта шығуын тоқтату 33
Сезімтал дене тұстарында да жұмсақ әдіспен қолданылады 33
Дербес және икемділікке арналған сымсыз әрекет 33
Бүкіл денедегі және беттегі түкті алуға арналған ұзаққа жететін батарея 33
Ауыстырылатын бөлшектер қажет емес, жасырын шығындар жоқ 33
Philips компаниясының қарқынды импульсті жарық шығару технологиясының жұмыс істеу әдісі 33
Түк өсуі 33
Жұмыс жасау қағидалары 34
Жалпы сипаттама 34
Маңызды 35
Қауіпті жағдайлар 35
Абайлаңыз 35
Зақымдалудан сақтау 35
Ескерту 36
Philips Lumea Precision Plus құралының пайдалану мерзімін азайтпау үшін мыналар есіңізде болсын: 36
Philips Lumea Precision Plus құралын кімдерге пайдалануға БОЛМАЙДЫ? 36
Қолдануға болмайтын жағдайлар 36
Егер сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізіп жүрсеңіз, құралды пайдаланбаңыз. 36
Егер теріңіздің және/немесе түгіңіздің түсі сәйкес келмесе, яғни төмендегі жағдайларда құралды ешқашан пайдаланбаңыз: 36
Егер төменде берілген аурулардың біреуімен ауырсаңыз, құралды ешқашан пайдаланбаңыз: 37
Егер төменде берілген дәрілердің біреуін қабылдап жүрсеңіз, құралды ешқашан пайдаланбаңыз: 37
Ешқашан құралды мына аумақтарға пайдаланбаңыз: 37
Күннен қарайған, жақында (соңғы 48 сағатта) қарайған немесе жасанды қарайған теріге құралды ешқашан пайдаланбаңыз: 38
Электромагниттік өрістер (ЭМӨ) 38
Зарядтау 38
Пайдалануға дайындау 39
Түкті алу аумақтарды дайындау 39
Жарық қарқынының деңгейін орнату 39
Ұсынылған жарық қарқыны (1-5) 40
Маңызды 40
Қараю кезіндегі кеңес 41
Құралды пайдалану 41
Дұрыс саптаманы таңдау 42
Бірінші рет пайдалану және теріні тексеру 42
Кейінгі пайдалану 43
Пайдалануға арналған нұсқау 45
Орташа түкті алу уақыты 45

Арнаулы түкті алу аумақтары 45
Құралды аяқтарға пайдалану 46
Құралды бикини тұсында пайдалану 46
Құралды қолтықтарға пайдалану 47
Құралды бетке (үстіңгі ерін, иек, жақтар) пайдалану 47
Оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу тәсілі 48
Техникалық қызмет көрсету кезеңі 48
Ықтимал кері әсерлері және тері реакциялары 48
Пайдаланудан кейін 49
Тазалау және күтім жасау 49
Сақтау 50
Қосалқы құралдарға тапсырыс беру 50
Ауыстыралытын бөлшектер 50
Қоршаған орта 51
Зарядталатын батареяларды шығару 51
Кепілдік және қызмет көрсету 52
Техникалық ерекшеліктер 53
Ақаулықтарды жою 53

Кіріспе

Өнімді сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips компаниясы ұсынатын қолдауды толығымен пайдалану үшін, өнімді www.philips.com/lumea веб-торабында тіркеңіз.
Түкті жарыққа негізделген әдіспен алу — денедегі қажетсіз түкті ұзақ шықпайтын етіп алудың ең тиімді әдістерінің бірі. Ол үйдегі түкті алу әдісінен басқаша, себебі ол түктің қайта өсуін едәуір азайтады. Philips компаниясы бұл әдісті жетекші дерматологтармен 10 жылдан аса зерттеп келді. Енді қалаған уақытта және қалаған жерде осы инновациялық технологияны өз үйіңізде қолайлы пайдалана аласыз.
Бұл құрал әйелдер үшін арнайы жасалып, оңтайландырылған, бірақ оны ерлер де пайдалана алады.
Philips Lumea Precision Plus технологиясы барлық денедегі, оның ішінде беттегі (үстіңгі ерін, иек пен жақтағы) қажетсіз түкті екі арнайы саптамамен алуға мүмкіндік береді.
Philips Lumea Precision Plus бір адамның пайдалануына арналған.
Philips Lumea Precision Plus туралы қосымша ақпаратты www.philips.com/lumea торабынан қараңыз. Біздің бастапқы беттен үнемі жаңартуларды тексеріп отырыңыз.

Артықшылықтар

Бұл құралдың мынадай артықшылықтары бар:

Үйде пайдалануға арналған қарқынды импульсті жарық шығару (IPL) технологиясы
Philips Lumea Precision Plus әдісінде қарқынды импульсті жарық шығару (Intense Pulsed Light, IPL) деп аталатын жарыққа негізделген технология қолданылады. IPL технологиясы түкті алу үшін кәсіби сұлулық саласында да соңғы 15 жыл бойы қолданылып келеді. Philips Lumea Precision Plus қазір осы инновациялық технологияны үйде қауіпсіз әрі тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Күнделікті тегіс ету үшін түкті қайта шығуын тоқтату
Бұл әдіс түктің қайта шығуын ұзақ уақытқа тоқтатады және теріні жібектей теп-тегіс етеді. Біздің зерттеулеріміз екі рет қолданғаннан кейін түктің едәуір азайғанын көрсетті. Жалпы төрт-бес рет қолданғаннан кейін оңтайлы нәтижелерге қол жеткізді. Әр қолданғаннан кейін түк тығыздығының азайғаны білінеді. Әсердің қаншалықты жылдам білінетіні және нәтижелердің ұзақтығы әр адамға байланысты әр түрлі болады. Толық ақпаратты «Құралды пайдалану» тарауының «Оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу тәсілі» бөлімінен қараңыз.

Сезімтал дене тұстарында да жұмсақ әдіспен қолданылады
Philips Lumea Precision Plus жетекші дерматологтармен тығыз байланыста әзірленді және тиімді әрі жеңіл қолдану үшін 2000 әйел адам денесінің, тіпті ең сезімтал аумақтары мен бетінде тексерілді.

Дербес және икемділікке арналған сымсыз әрекет
Зарядталатын батареялармен жұмыс жасайтын болғандықтан ол жылжымалы және кез келген жерде пайдаланылады.

Бүкіл денедегі және беттегі түкті алуға арналған ұзаққа жететін батарея
Толық зарядталған батарея қуаты бүкіл денедегі және беттегі түктерді (үстіңгі ерін, қолтықтар, бикини тұсы мен тірсектердегі) үздіксіз алуға мүмкіндік береді.*
*Әр аумақ үшін орташа түк алу уақыттарына және бір пайдаланушы үшін ұсынылған қарқындылықтар негізінде.

Ауыстырылатын бөлшектер қажет емес, жасырын шығындар жоқ
Philips Lumea Precision Plus ауыстыруды қажет етпейтін өнімділігі жоғары шаммен жабдықталған. Бұл шам 100000-нан аса жарық шығарады және қымбат ауыстырылатын шамдарға ақша үнемдей отырып, 5 жылдан* аса нәтижелерді үзіліссіз ұстап тұруға мүмкіндік беруі керек.
*Әр аумақ үшін орташа түк алу уақыттарына және бір пайдаланушы үшін ұсынылған қарқындылықтар негізінде.

Philips компаниясының қарқынды импульсті жарық шығару технологиясының жұмыс істеу әдісі

Түк өсуі
Түктің өсу мөлшерлері жасына, зат алмасуына және басқа жағдайларға байланысты әр адамда әр түрлі болады. Дегенмен, барлық адамның түгі қалыпты жағдайда 3 кезеңмен өседі.
1 Өсу кезеңі (анагендік кезең)
Түк түбінен белсенді түрде өседі. Бұл кезеңде меланиннің шоғыры өте жоғары. Меланин түктің пигментіне жауапты. Сонымен бірге меланин шоғыры осы әдістің тиімділігін анықтайтын фактор болып табылады. Осы өсу кезеңіндегі түкке ғана жарық әсер етеді.
2 Әлсіреу кезеңі (катагендік кезең)
Түк өсуі тоқтайды және түспестен бұрын, түбі кішірейеді.
3 Демалыс кезеңі (телогендік кезең)
Ескі түк фолликулынан бөлектеніп түседі. Биологиялық сағат оның қайтадан белсенді болып, жаңа түк өсетінін білдіргенше, фолликул демалады.





Жұмыс жасау қағидалары

- Құрал түк пен тері астындағы түпті ысыту арқылы жұмыс істейді. Түктегі және түк түбіндегі меланин босатылған жарық пульстерін сіңіреді. Түктің түсі қара болған сайын, жарық та көбірек сіңіріледі. Бұл процесс түктің демалыс кезеңіне өтуіне себепші болады.



- Қолдану арасында түк табиғи жолмен түседі және артынан қайта өседі. Түктер бір-екі аптада түсіп отырады.



- Өсу кезеңінде ғана түктерге жарық әсер ететіндіктен, бір сеанспен түкті алудың оңтайлы нәтижесіне қол жеткізуге болмайды. Түкті алу кезінде сол аумақтағы түктер әдетте түк өсу кезеңінің әр түрлі сатыларында болады. Барлық түкті тиімді алу үшін екі апта сайын бірнеше рет қайталау керек.

Біртұтас оптикалық сүзгі ультракүлгін жарықтың теріге түспеуін қамтамасыз етіп, құралдың тері үшін қауіпсіз екеніне кепілдік береді.

Жалпы сипаттама (Сурет 5)

1 Ішке орнатылған ультракүлгін сәуле сүзгісі бар жарық шығатын терезе
2 Саптамалар
Дәлдік саптамасы (барлық дене аумағына, оның ішінде үстіңгі ерінге, иекке және жаққа қолайлы)
Денеге арналған саптама (дененің мойыннан төмен барлық аймақтарына жарамды)
3 Саптаманың ішіндегі металл жақтау
4 Қауіпсіздік жүйесі (байланыс қосқышы бар қауіпсіздік сақинасы)
5 Жарық түймесі
6 Қарқындылық шамы (1-5)
7 ▲ Жарық күшін арттыру түймесі
8 ▼ Жарық күшін азайту түймесі
9 Зарядталып жатқандығын және батареясы аз екендігін білдіретін жарық
10 Қосу/өшіру түймесі
11 Құрал қабырға розеткасы
12 «Дайын» жарығы
13 Ауа булығы
14 Адаптер
15 Кішкене штепсельдік ұш

Сонымен бірге мыналар кіреді: қорап (SC2003/00) не қалта (SC2003/11) және тазалағыш шүберек.

Маңызды

Құралды қолданбас бұрын, осы пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығып, болашақта анықтамалық құрал ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Қауіпті жағдайлар

- Су мен электр тогының байланысы қауіпті. Бұл құралды дымқыл жерлерде (мысалы, ваннада, душтың немесе бассейннің жанында) қолданбаңыз.
- Құралды және адаптерді құрғақ күйде сақтаңыз.
- Егер құрал сынса, ток соқпауы үшін ішкі бөлшегіне тиіспеңіз.
- Ешқашан құралдың ішіне заттар салмаңыз.

Абайлаңыз

- Қауіпсіздігіне жауапты адамның қадағалауынсыз немесе құралды пайдалану нұсқауларынсыз, физикалық, сезу және ойлау қабілеті шектеулі адамдар (соның ішінде балалар) бұл құралды қолданбауы керек.
- Балалардың құралмен ойнамауын қадағалаған жөн.
- Құрал жасы 15-тен төмен балалардың пайдалануына арналмаған. 15 және 18 жас аралығындағы жасөспірімдер ата-аналарының немесе оларға ата-аналарының рұқсаты бар адамдардың келісімімен және/немесе көмегімен пайдалана алады. 19 жастан асқан ересектер құралды еркін пайдалана алады.
- Құралды тек берілген адаптер арқылы зарядтаңыз.
- Егер құрал немесе адаптер зақымдалған болса, оларды қолданбаңыз.
- Адаптердің трансформаторы бар. Басқа штепсельдік ұшпен алмастыру мақсатында адаптерді кесіп тастамаңыз. Қауіпті жағдай орын алады.
- Адаптер зақымданған болса, қауіпті жағдай туғызбас үшін, оны тек түпнұсқасымен ауыстыру керек.
- Жарық шығару терезесінің ультракүлгін сүзгісі сынғанда құралды пайдаланбаңыз.
- Қызыл әйнегі сынған дәлдік саптамасын пайдаланбаңыз.

Зақымдалудан сақтау

- Желдеткіш тесіктерінен ауаның өтуіне ештеңе кедергі болмауы тиіс.
- Ешқашан құралды соғып алмаңыз және оны шайқамаңыз немесе түсіріп алмаңыз.
- Құралды өте салқын жерден өте ыстық жерге немесе керісінше алып кіргенде, қолданбастан бұрын шамамен 3 сағат күтіңіз.
- Құралды қорабында не қалтасында сақтаңыз, сонда ол шаң болмайды.
- Құралды қосулы күйінде қалдырмаңыз. Пайдаланғаннан кейін оны әрдайым өшіріп қойыңыз.
- Құралды тікелей күн сәулесі немесе ультракүлгін жарық түсетін жерде бірнеше сағат қалдырмаңыз.
- Теріден басқа жерге жарықты қоспаңыз. Ол саптамаларды және/немесе жарық шығару терезесін қатты зақымдауы мүмкін. Құрал теріге тиіп тұрғанда ғана қосыңыз.

Ескерту

- Көзіңізге зақым келтіріп алмау үшін құралды ешқашан көзіңіздің айналасына және қасыңыздың жанында пайдаланбаңыз.
- Бұл құралды теріңіздің түріне қолайлы параметрлерде ғана пайдаланыңыз. Ұсынылғандардан жоғары параметрлерде пайдалану тері реакцияларының қаупін және кері әсерлерді арттыруы мүмкін.
- Бұл құрал жақ сүйектерінен төмен аумақтардағы қажетсіз түкті ғана жинақтағы екі саптамамен алуға арналған. Оны басқа мақсатқа пайдаланбаңыз.

Philips Lumea Precision Plus құралының пайдалану мерзімін азайтпау үшін мыналар есіңізде болсын:

- Құралды 15°C температурасынан төмен 35°C температурасынан жоғары жерлерде ұстауға болмайды.
- Құрал ішкі қызып кету қорғанысымен жабдықталған. Егер құрал қызып кетсе, жарық жанбайды. Құралды өшірмеңіз, бірақ жұмысты жалғастырмастан бұрын шамамен 15 минут суытып алыңыз.
- Құралды тексеру үшін немесе оны жөндеу үшін, оны Philips әкімшілігі берген қызмет орталығына апарыңыз. Құралды біліксіз адамдарға жөндету, қолданушыға өте қауіпті жағдай туғызуы мүмкін.
- «Қолдануға болмайтын жағдайлар» бөлімінде айтылған жағдайлардың ешқайсысында құралды пайдаланбаңыз.

Philips Lumea Precision Plus құралын кімдерге пайдалануға БОЛМАЙДЫ?

Philips Lumea Precision Plus барлық адамға арналмаған. Егер мыналардың біреуі сізге қатысты болса, онда сізге бұл құралды пайдалануға **болмайды**!

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Егер сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізіп жүрсеңіз, құралды пайдаланбаңыз.

Егер теріңіздің және/немесе түгіңіздің түсі сәйкес келмесе, яғни төмендегі жағдайларда құралды ешқашан пайдаланбаңыз:

- түкті алу аумақтарындағы түктің табиғи түсі ашық, ақ, сұр немесе қызыл болғанда;
- теріңіздің түрі VI тип болғанда (теріңіз күнге сирек күйетін не ешқашан күймейтін болса және теріңіз қап-қара болса; теріңіздің түсі қоңыр қара не қою түсті болса). Мұндай жағдайда Philips Lumea Precision Plus пайдаланылса, терінің түссіздену, қатты қызаруы не күюі сияқты реакциялардың пайда болу қаупі жоғарылайды. Сондай-ақ, «Құралды пайдалану» тарауының «Ықтимал кері әсерлері және тері реакциялары» бөлімін қараңыз.

Егер төменде берілген аурулардың біреуімен ауырсаңыз, құралды ешқашан пайдаланбаңыз:

- сізде тері обыры сияқты тері ауруы болса, түкті алу аумақтарында тері обыры немесе қандайда бір жергілікті ісік ауруы болғанда;
- сіздегі түкті алу аумақтарында обырға дейінгі жарақаттар немесе бірнеше дақ болғанда;
- коллагеноз бұзылуы, соның ішінде күйік тыртығы немесе нашар жазылған жаралар болғанда;

- түк алынатын тұстарда варикоздық көк тамыр болғанда немесе тамыр кеңеюі сияқты тамыр аурулары болғанда;
- теріңіз жарыққа сезімтал болып, қауіпті не аллергиялық реакция оңай берілгенде;
- түк алынатын тұстарда жұқпалы жара, экзема, күйік, түк фолликулаларының қабынуы, ашық жарақаттар, сызат, асқынған ұшық, жара немесе жарақат және гематома болғанда;
- түк алынатын аумақтарға операция жасалғанда;
- жарық сезімталдығымен талма ауруы болғанда;
- қант диабеті, тері туберкулезі, порфирия немесе қан ұйығаны жүрек ауруларында;
- қан айналымыңыз дұрыс болмағанда;
- иммуносуппрессорлық аурумен (оның ішінде АИВ немесе ЖИТС) ауырғаныңызда.

Егер төменде берілген дәрілердің біреуін қабылдап жүрсеңіз, құралды ешқашан пайдаланбаңыз:

- теріңізге қазір альфагидроқышқыл (АГҚ), бетагидроқышқыл (БГҚ), жергілікті изотретиноин және азелаинды қышқыл қолданылып жатқанда немесе қолданылғанда;
- соңғы алты айда Accutane® немесе Roaccutance® изотретиноинын ішкенде. Ондай кезде теріңіз жарылуға, жараларға және қышынуға бейім болуы мүмкін;
- терінің ыстыққа сезімталдығын төмендететін ауруды басатын дәріні қабылдаған кезде;
- жарыққа сезімтал құралдарды не дәрілерді қабылдап жүрсеңіз, дәрінің қаптамасын тексеріңіз және жарыққа аллергия, жарыққа қарсы реакция берілетіні туралы айтылса немесе бұл дәріні қабылдаған кезде күннің көзіне шықпау керек болса, құралды пайдаланбаңыз;
- әр түкті алғанға дейін кемінде 1 апта шаюға мүмкіндік бермейтін тәртіппен антикоагулянтты дәрілер, оның ішінде аспиринді көп ішкенде;
- иммуносупрессорлық дәрілерді ішкен кезде;

Ешқашан құралды мына аумақтарға пайдаланбаңыз:

- көздің айналасында және қастың жанында;
- емшекке, іріндеген жерлерге, кіші жыныс қуыстарына, қынапқа, артқы тесікке және мұрын қуысы мен құлақтың ішіне;
- ер адамдар оны ұма мен бетінде пайдаланбауы керек;
- силикон имплантат, кардиостимулятор, тері астына дәрі (инсулин дәрісі) егу немесе пирсинг сияқты жасанды жердің үстіне немесе жанына;
- дәрігеріңізбен ақылдаспай мендерге, секпілдерге, үлкен тамырларға, қою пигментті жерлерге, тыртықтарға, тері ақаулықтарына. Мұның нәтижесінде теріңіз күйіп қалып, түсін өзгертуі мүмкін, ал ол болса теріге қатысты ауруларды (мысалы, тері обыры) анықтауды қиындатады.
- сүйелдерге, дене суреттеріне немесе күнделікті косметикаға. Оның нәтижесінде терінің күюі және түсін өзгертуі (гипопигменттеу не гиперпигменттеу) мүмкін.
- ұзаққа жететін дезодоранттар пайдаланылатын жерлерге. Оның нәтижесінде теріде реакциялар болуы мүмкін. «Құралды пайдалану» тарауының «Ықтимал кері әсерлері және тері реакциялары» бөлімін қараңыз.

Күннен қарайған, жақында (соңғы 48 сағатта) қарайған немесе жасанды қарайған теріге құралды ешқашан пайдаланбаңыз:

- Барлық қараю түрлері түкті алудың қауіпсіздігіне ықпал етуі мүмкін. Ол табиғи күн сәулесіне және қарайту лосьондары, қарайту құралдары, т.б. сияқты жасанды қарайту әдістеріне қатысты. Егер сіз қарайсаңыз немесе қараюды жоспарлап жүрсеңіз, «Пайдалануға дайындау» тарауының «Қараю кезіндегі кеңес» бөлімін қараңыз.

Ескертпе Бұл тізім толық емес. Егер құралды пайдалану жағынан сенімсіз болсаңыз, дәрігерден сұрауға кеңес береміз.

Электромагниттік өрістер (ЭМӨ)

Бұл Philips құралы электромагниттік өрістерге (ЭМӨ) қатысты барлық стандарттарға сәйкес келеді. Осы пайдаланушы нұсқаулығы бойынша дұрыс қолданылса, бүгінгі таңдағы ғылыми дәлелдерге сәйкес, құрал пайдалану үшін қауіпсіз.

Зарядтау

Құралды алғаш қолданбас бұрын және батареялары таусылғанда, оларды толық зарядтаңыз. Батареялардың толық зарядталуына 1 сағат 40 минутқа дейін уақыт кетеді.
Зарядтау шамы қызғылт сары болып жанып, батарея зарядының аздығын және жақын арада таусылатынын білдірген кезде құралды зарядтаңыз.
Толық зарядталған батареялар жарық қарқынының 5-деңгейімен кемінде 370 рет жарық береді.
Әрбір 3- 4 айда құралды ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз да, оны толық зарядтаңыз.

Құралды мына жолмен зарядтаңыз:



1 **Құралды сөндіріңіз.**



2 **Құралдың кішкене шанышқысын зарядтаушыға енгізіп, адаптерді қабырғадағы розеткаға енгізіңіз.**

- **Құралдың зарядталып жатқандығын білдіріп, зарядтау жарығы жасыл түсті болып жанып-өшеді.**
- **Батареялар толығымен зарядталғанда, батарея шамы үздіксіз жасыл болып жанады.**

Ескертулер:

- Зарядталып жатқанда адаптер мен құрал жылы болып тұрады. Ол — қалыпты жағдай.
- Зарядталып жатқанда құралды пайдалануға болмайды.
- Бұл құрал батареяны шамадан тыс қызудан қорғау жүйесімен жабдықталған және бөлме температурасы 40°C асқанда зарядтамайды.

Зарядтаған уақытта құралды және адаптерді ешқашан жабумен жаппаңыз.

3 **Зарядтап болған соң, қабырғадағы розеткадан адаптерді суырып, құралдан кішкене шанышқыны шығарыңыз.**

Пайдалануға дайындау

Оңтайлы нәтижелерге және жоғары тиімділікке қол жеткізу үшін құрал пайдаланылатын жерлерді төменде сипатталғандай дайындаңыз.

Түкті алу аумақтарды дайындау



1 **Түк өсуін тоқтату үшін сол орындағы түкті қырыңыз.**

Ескертпе Егер соңғы депиляция кезінде түктерді түптерімен жұлу (мысалы, түкті жұлу, балауызда, т.б.) әдісін қолдансаңыз, Philips Lumea Precision Plus құралын пайдаланбас бұрын түктің едәуір қайта өскенін байқағанша күтіңіз. Қырудың орнына депиляторлық кремдерді пайдаланбаңыз.

Қырылмаған немесе дұрыс қырылмаған аумақтарға түкті алудың қалаусыз нәтижелері болатынын ескеріңіз:

- Жарық шығару терезесі және саптама түктермен және кірмен ластануы мүмкін. Ластанған жарық шығару терезесі мен саптама құралдың пайдалану мерзімін және тиімділігін азайтуы мүмкін. Бұдан басқа, ластану салдарынан күйіктер немесе жарық шығару терезесі мен саптамаларда пайда болатын қара дақтар түкті алу кезінде ауыртуы немесе қызару және түстің өзгеруі сияқты теріде реакциялардың пайда болуына себеп болуы мүмкін.
- Теріңіздегі түктер күйіп, нәтижесінде жағымсыз иістің шығуы мүмкін.

2 **Теріңізді тазартыңыз және онда түктің қалмағанына көз жеткізіп, толығымен құрғатып, майлы заттардан (мысалы, дезодарант, лосьон, әтір, қарайту кремі және күннен қорғайтын кремдер сияқты косметикалық өнімдерден) тазартыңыз.**

3 **Құралдан, әсіресе, жарық шығару терезесі мен саптамадан қырылған түкті, шаңды және талшықтарды тексеріңіз. Егер ластанғанын көрсеңіз, «Тазалау және күтім жасау» тарауындағы нұсқауларға сәйкес құралды тазалаңыз.**

Ескертулер:

- Егер қырыну жарақатқа не зақымдануға себеп болса, теріңіз тым сезімтал болуы мүмкін және жарықпен түкті алу кейде қолайсыздық тудыруы мүмкін.
- 4-5 қолданыстан кейін түк өсуін тоқтатқанда, құралды қолданбастан бұрын қырынудың қажеті жоқ.

Жарық қарқынының деңгейін орнату

Philips Lumea Precision Plus — тұтынушының үйде пайдалануына арналған құрал, оны ауыруды сезуге қатысты жарыққа негізделген кәсіби құралдармен салыстыруға болмайды. Philips Lumea Precision Plus арқылы берілетін жарық импульстері кәсіби құралдардікіне қарағанда жұмсақтау, сондықтан **жанға жайлы** әрі **тиімді** болады.

Жарық қарқынын тері мен дене түгі түсіне сәйкестендіріп, ыңғайлы деңгейді орнатыңыз.

Төменде ұсынылған жарық қарқынының кестесі дұрыс жарық қарқынын қоюға көмектеседі

1 Тері мен дене түгі түсіне қолайлы жарық қарқынын анықтау үшін және бұл әдістің толығымен сізге қолайлылығын тексеру үшін төмендегі кестені қараңыз (қолайлы болмаса, кестеде «x» таңбасымен белгіленген).

2 Әрбір дене аумағы және дененің біркелкі бөліктері төмендегі ұсынылған жарық қарқынының кестесіне сәйкес тиісінше жарық қарқынын бөлек қажет етуі мүмкін. Бұл әдіс жоғары жарық қарқынында тиімдірек, бірақ ауырғанын немесе қолайсыздықты сезінсеңіз, жарық қарқынын азайту керек.

Ескертпе Әр түрлі дене аумақтарына қажетті жарық қарқыны әр түрлі тері түстеріне байланысты өзгеше болуы мүмкін. Мысалы, тірсектердің терісі күн сәулесінің көп тиюінен қолтықтардың терісінен қоңыр болуы мүмкін.

Терісі қараторы адамдардың терілері көбірек жарық сіңіретіндіктен, оларда тері тітіркенуіне көбірек ұшырау қаупі бар. Сондықтан оларға төмен жарық қарқынын қолдану ұсынылады.

Жарық импульсі теріде жылы не ыстық болып сезілуі мүмкін, бірақ ешқашан ауыртпауы керек. Тері реакцияларын болдырмау үшін «Құралды пайдалану» тарауының «Ықтимал кері әсерлері және тері реакциялары» бөлімін қараңыз.

Ұсынылған жарық қарқыны (1-5)
Төмендегі кестеде «x» таңбасықұралдың сізге қолайлы еместігін білдіреді.

Тері түсі және сипаттамалары:	Ақ (әрқашан қараятын, күнге күймеген)	Ақшыл сары (тез қараятын, күнге аз күйген)	Ашық қоңыр (кейде қараятын, жақсы күнге күйген)	Орташа қоңыр (сирек қараятын, тез және жақсы күнге күйген)	Қара қоңыр (шамалы қараятын, өте жақсы күнге күйген)	Қоңыр қара және оюлау (сирек қара-ятын, күнге қатты үйген)
Дене түгінің түсі:						
қою ақсары/ақшыл қоңыр/қоңыр/қою қоңыр/қара	4/5	4/5	4/5	3/4	1/2/3	x
ақ/сұр/қызыл/ ақшыл ақсары	×	×	×	×	×	x

Маңызды
Philips Lumea Precision Plus құралының сізге қолайлылығын тексеру үшін «Philips Lumea Precision Plus құралын кімдерге пайдалануға болмайды?» бөлімін қараңыз.
Егер теріңізге табиғи күн сәулесі немесе жасанды қарайту әдісі әсер етсе, алдыңғы түкті алуға қарағанда ол қараюы мүмкін. Теріңіздің түсіне қолайлы параметрлерді анықтау үшін жоғарыдағы кестені тексеріңіз.

Қараю кезіндегі кеңес

Түкті алудан бұрын күн көзіне шығу

- Егер теріңіз қарайса, тиісті жарық қарқынын анықтау үшін түкті алу аумағындағы теріні тексеріңіз («Құралды пайдалану» тарауының «Бірінші рет пайдалану» бөлімін қараңыз). Оны орындамау Philips Lumea Precision Plus құралымен түкті алып болғаннан кейін теріде реакциялардың орын алу қаупін тудырады.
- Құралды пайдаланбастан бұрын күн көзінде қарайғаннан кейін кемінде 48 сағат күтіңіз. Күн көзінде қараю терінің қараюына себеп болуы мүмкін және/немесе күюге себеп болуы мүмкін (терінің қызаруы).
- Сол 48 сағаттан кейін терінің қалған күн сәулесінен күйген-күймегенін тексеріңіз. Күннен болған күйік кетпейінше Philips Lumea Precision Plus құралын пайдаланбаңыз.
- Күннен болған күйік кеткенде, тиісті жарық қарқынын анықтау үшін түкті алу аумағындағы теріні тексеріңіз («Құралды пайдалану» тарауының «Бірінші рет пайдалану» бөлімін қараңыз).

Түкті алудан кейін күн көзіне шығу

- Түк алынған аумақтарды күн көзіне шығармастан бұрын кемінде 24 сағат күтіңіз. Тіпті 24 сағаттан кейін күн көзіне шығардан бұрын түгі алынбаған терінің түкті алу салдарынан қызармағанына көз жеткізіңіз.
- Күннің көзіне сыртқа шыққанда түкті алудан кейін екі апта бойы түк алынған аумақтарды жауып алыңыз немесе күннен қорғайтын крем (SPF 30+) пайдаланыңыз.
- Түкті алудан кейін бірден түк алынған аумақтарды күн көзіне қорғансыз шығару салдарынан кері әсерлер қаупі және тері реакциялары артуы мүмкін. «Құралды пайдалану» тарауының «Ықтимал кері әсерлері және тері реакциялары» бөлімін қараңыз.

Жасанды жарықпен қарайту

- Жоғарыдағы «Түкті алудан бұрын күн көзіне шығу» және «Түкті алудан кейін күн көзіне шығу» бөлімдеріндегі нұсқауларды орындаңыз.

Кремдермен қарайту

- Егер жасанды қарайтатын лосьонды пайдалансаңыз, Philips Lumea Precision Plus құралын пайдаланбастан бұрын жасанды қараюдың кетуін күтіңіз.

Ескертпе Қажетсіз тері реакциялары туралы қосымша мәліметтерді «Құралды пайдалану» тарауының «Ықтимал кері әсерлері және тері реакциялары» бөлімінен қараңыз.

Құралды пайдалану

Теріңізге және дененіздегі түктің түсіне өте қолайлы жарық қарқындарын анықтау үшін «Пайдалануға дайындау» тарауының «Жарық қарқынының деңгейін орнату» бөліміндегі ұсынылған жарық қарқындарының кестесін қараңыз. Құралды **жақсы жарықтандырылған** бөлмеде пайдаланыңыз; ол қабылданатын жарықтың ашықтығын азайтады. Құралды пайдаланбастан бұрын түкті алу аумағының түгін қырыңыз («Пайдалануға дайындау» тарауының «Түкті алу аумақтарын дайындау» бөлімін қараңыз).

Егер түкті алудан кез келген уақытта шыдамсыз ауырсыну байқалса, түкті алу қолайлы болғанша жарық қарқынының параметрін азайтыңыз. Егер аздап қызарғаннан күштірек тері реакцияларын байқасаңыз, түкті алуды бірден тоқтатып, осы тараудың «Ықтимал кері әсерлері және тері реакциялары» бөлімін оқып шығыңыз.

Дұрыс саптаманы таңдау



- **Дене саптамасы**

Мойыннан төмен дене аумақтарының барлығынан қажетсіз түкті алу үшін дене саптамасын пайдалануға болады (ерекшеліктерін «Маңызды» тарауының «Қолдануға болмайтын жағдайлар» бөлімінен қараңыз). Дене саптамасы 4 см² аумағын жаба алады және аяқ сияқты үлкенірек аумақтардағы түкті жылдам алуға арнайы жасалған.

Дене саптамасын бетке пайдаланбаңыз.



- **Дәлдікке арналған қосымша бөлшек**

Дәлдік саптамасы қосымша біртұтас жарық сүзгісін қамтиды және оны үстіңгі еріннен, иектен және жақтардан қажетсіз бет түгін аса қауіпсіз алу үшін пайдалануға болады. Сонымен бірге оны қолтықтар мен бикини тұсы немесе қиындықпен қол жеткізетін аумақтар сияқты дененің басқа сезімтал аумақтарында пайдалануға болады.

Ешқашан көздің айналасында және қастың жанында пайдаланбаңыз.

Бірінші рет пайдалану және теріні тексеру



1 Түкті алғыңыз келген аумаққа тиісті саптаманы таңдаңыз.

2 Түкті алғыңыз келген аумаққа жақын аумақты таңдаңыз.

Ескертпе Құралды үстіңгі ерінге, иекке не жаққа пайдаланбастан бұрын, теріні тексеріп алу үшін құлағыңыздан төмен мені және түгі жоқ жерді таңдаңыз.



3 Құралды қосу үшін, қосу/өшіру түймесін басыңыз.

- Құрал әрдайым ең төменгі параметрде автоматты түрде іске қосылады.



4 Теріңіздің түріне ұсынылған ең төменгі күшпен бір жарықты қолданыңыз (жарықты босату жолдары туралы нұсқауларды осы тараудың «Кейінгі пайдалану» бөлімінің 6-9 қадамдарынан қараңыз).

5 Қолайлы сезінгенде (ауырсынбағанда), теріңіздің түріне ұсынылған ауқым ішінде мәнді бір деңгейге жоғарылатып, әр мәнге бір жарық қолданыңыз. Бір нүктеде бірден көп жарық қолданбаңыз.

6 Теріні тексерген соң, 24 сағат күтіп, теріңізден қандайда бір реакцияны тексеріңіз. Егер теріңізден реакциялар көрінсе, кейінгі пайдалану үшін теріде реакция тудырмайтын ең жоғарғы мәнді таңдаңыз.

Құралды бірінші рет пайдаланғанда, теріңіздің түкті алуға реакциясын тексеру және жарық негізіндегі түкті алуға үйрену үшін түкті алу аумағындағы теріні тексеруге кеңес береміз.

Кейінгі пайдалану



1 Әр түкті алудан бұрын, Philips Lumea Precision Plus құралының саптамаларын, жарық шығару терезесін және саптамаларының ішіндегі металл жақтауды тазалаңыз. Толық ақпаратты «Тазалау және күтім жасау» тарауынан қараңыз.

2 Түкті алғыңыз келген аумаққа тиісті саптаманы таңдаңыз.

3 Құралды қосу үшін, қосу/өшіру түймесін басыңыз.

Ескертпе Пайдаланылған кезде құрал мен саптаманың жылығаны қалыпты жағдай.



4 Теріңіздің сезімталдығына және түкті алу қаншалықты қолайлы болатынына қарай жарық қарқынын өте ұқыпты таңдау арқылы әр түкті алуды бастаңыз.

Теріңіз бірнеше себепке байланысты, әсіресе, қарайтудан кейін әр түрлі күндері/жағдайларда әр түрлі жауап беруі мүмкін. Толық ақпаратты осы тараудың «Ықтимал кері әсерлері және тері реакциялары» бөлімінен қараңыз.



5 Жарық қарқынын көбейту үшін ▲ түймесін басыңыз. Жарық қарқынын азайту үшін ▼ түймесін басыңыз.

- Түймені басқан сайын сәйкес жарық жыпылықтауды бастайды. Бұл бірнеше секунд уақытты алады.



6 Құралды теріге 90° бұрыш жасап орналастырыңыз, сонда саптама мен қауіпсіздік сақинасы теріге тиіп тұрады.



7 Қауіпсіздік сақинасын теріге ақырын басыңыз.

Ескертпе Қауіпсіздік сақинасында құралдың қауіпсіздік жүйесін қосатын контакт болады. Бұл қауіпсіздік сақинасы теріге тимей абайсызда қыздырудың алдын алады.



- Қауіпсіздік сақинасының барлық байланыс қосқышы теріге тигенде және құрал зарядталғанда, құралдың артындағы «дайын» шамы жасыл болып жанады. Оған бірнеше секунд кетуі мүмкін.

Кеңес Оңай пайдалану үшін түк алынатын тері аумағын созыңыз. Терісі жұмсақ аумақтарда барлық байланыс қосқышы тиіп тұруы үшін құралды басыңқырап ұстау қажет.



8 Жарықты босату үшін жарық түймесін басыңыз. Енді келесі жарықты босату үшін 2 опция болады:

A Жарық түймесін басып тұрыңыз. Қауіпсіздік сақинасы толық тигенде, құрал бір жарықты екіншісінен кейін босатады. Бірден құрал жанған соң, құралды келесі аумаққа жылжытыңыз. Қауіпсіздік сақинасының теріге толық басылып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Бұл «Жылжыту және жарық режимі» аяқ сияқты үлкендеу аумақтардағы түкті алғанда өте қолайлы.

B Әр жарықтан кейін жарықты өшіріңіз. Келесі жарық үшін құралды алдыңғы жарықтандырылған аумақтың оң жағындағы аумаққа қойыңыз. Қауіпсіздік сақинасының теріге толық басылып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Бұл «Жылжыту және жарық режимі», айталық, үстіңгі еріндегі, тізелердегі не өкшелердегі түкті дұрыстап алуға кепілдік береді.

Ескертпе Бірнеше секундтан кейін құрал жарыққа қайтадан дайын болады, сондықтан оны жарықтандырғаннан кейін бірден келесі аумаққа жылжытқаныңызға көз жеткізіңіз.

Бір сеанс кезінде бір аумақтағы түкті бірнеше рет алмаңыз. Ол түкті алудың тиімділігін жақсартпайды, бірақ тері реакцияларының қаупін арттырады.

Ескертпе Құралдан шығатын көзге көрінетін жарық теріге түскен жарықтың шағылысуы және ол көзге зиянсыз болып табылады. Пайдалану кезінде көзілдірік киюдің қажеті жоқ.



9 Құрал тимеген аумақтар болмауы үшін теріге құралды қойғанда алдыңғы аумақтардың аздап қабаттасатынына көз жеткізіңіз. Жарық шығару терезесінен ғана тиімді жарық шығады. Жарықтардың бір-біріне жақын болып шыққанына көз жеткізіңіз.

10 Жұмысты аяқтағаннан кейін құралды өшіріңіз.

11 Жарық шығару терезесі мен саптамадан түк пен кірді тексеріп, пайдаланғаннан кейін құралды тазалаңыз («Тазалау және күтім жасау» тарауын қараңыз).

Пайдалануға арналған нұсқау

Орташа түкті алу уақыты

Дене тұстары	Пайдаланудың шамалас уақыты	Ұсынылған саптама
Қолтықтар	1 минут/қолтық	Дене/Әлдік саптамасы
Бикини тұсы	1 минут/жақ	Дене/Әлдік саптамасы
Толық бикини тұсы	4 минут	Дене/Әлдік саптамасы
1 аяқтың төменгі жағы	8 минут	Дене саптамасы
Толық аяқ	14 минут	Дене саптамасы
Үстіңгі ерін/ иек/ жақтар	1 минут	Әлдікке арналған қосымша бөлшек

Ескертпе Жоғарыдағы орташа түкті алу уақыттары зерттеу және сынақтар барысында қарастырылды. Жеке түкті алу уақыттары әр адамда әр түрлі болуы мүмкін.

Ескертпе Толық зарядталған батареялар кемінде 5-күшпен 370 рет жарық береді. Құралды пайдалану уақыты түкті алу аумағының өлшеміне және пайдаланылатын жарық қарқынының мәніне байланысты.

Арнаулы түкті алу аумақтары

Құрал үстіңгі еріндегі, иектегі, жақтардағы, қолтықтардағы, қолдардағы, қарындағы, бикини тұсындағы және аяқтардағы қажетсіз түктерді алуға арналған.



Құралды аяқтарға пайдалану

Аяқтарыңызға қолайлы параметрлерді көру үшін «Пайдалануға дайындау» тарауының «Жарық қарқынының деңгейін орнату» бөліміндегі ұсынылған жарық қарқынының кестесін қараңыз.

- Өзіңізге қолайлы болуы үшін құралды жоғары-төмен не аяққа көлденең жылжытуға болады.

Ескертпе Үлкен жіліншік сүйек және тобық сияқты сүйек аумақтары дененің басқа аумақтарына қарағанда көп сезімтал. Саптаманы осы аумақтарда қатты басқанда, тері тітіркенуі және қызаруы сияқты реакциялар теріде көп болуы мүмкін. Осы тараудың «Ықтимал кері әсерлері және тері реакциялары» бөлімін қараңыз. «Дайын» шамы жанғанша саптаманы теріге қаттырақ емес, жеткілікті деңгейде басыңыз.

Кеңес **Құрал түк алынған аумақтардың терісінде із қалдыруы мүмкін. Бұл іздер түк алынған аумақтарды қай жерде қабаттастыруға болатынын көрсетеді.**

Толық зарядталған батарея денені толығымен және беттегі түкті (үстіңгі ерін, қолтықтар, бикини тұсы және тірсектер) бір реттен алуға мүмкіндік береді.* Егер тірсектеріңіздегі және сандарыңыздағы түкті алу үшін құралды пайдалансаңыз, түкті алу кезінде құралды қайта зарядтау керек болуы мүмкін. Ол — қалыпты жағдай. Құралды пайдалану уақыты түкті алу аумағының өлшеміне және пайдаланылатын жарық қарқынының мәніне байланысты.

*Әр аумақ үшін орташа түк алу уақыттарына және бір пайдаланушы үшін ұсынылған қарқындылықтар негізінде.

Кеңес **Көптеген пайдаланушылар аяқтағы түкті алуды үйде теледидар көру не музыка тыңдау сияқты басқа әрекеттермен бірге орындайды. Сондай-ақ, бұл тәжірибені рақаттанатын және демалатын етіп те істеуге болады.**

Құралды бикини тұсында пайдалану

Бикини тұсына қолайлы параметрлерді көру үшін «Пайдалануға дайындау» тарауының «Жарық қарқынының деңгейін орнату» бөліміндегі ұсынылған жарық қарқынының кестесін қараңыз. Негізінде, Philips Lumea Precision Plus бикини тұсындағы түкті толығымен алуға қауіпсіз әрі жеткілікті деңгейде жұмсақ (мысалы,. «Бразилиялық» немесе «Голливудтық» стиль үшін). Бикини тұсындағы қара пигментті, сезімталдау теріге төменірек мәнді пайдаланыңыз. Құралды ішкі жыныс қуысында, қынапта және артқы тесікте пайдаланбаңыз. Ашық аумақтағы түкті алғысы келетін ер адамдар құралды ұмада пайдаланбауы керек.

Ескертпе Гигиеналық себептер үшін басқа дене аумағындағы түкті алуды бастамастан бұрын пайдаланылатын саптаманы әрдайым тазалаңыз.

